2-тaraу. Есепті ұсыну мерзімдері

4. Есепті Комитет үдемелі қорытындымен ай сайын қалыптастырады. Комитеттің аумақтық басқармаларының бастықтары ақпараттық электрондық нысандардың есепті айдың соңғы күнінің 00.00 сағатына дейін СДТБТ-нде өнделуін қамтамасыз етуге міндетті.

5. Комитеттің аумақтық басқармалары орталық аппаратқа жүктеген СДТБТ мәліметтері негізінде Комитет тұластай республика бойынша жиынтық есеп және өнірлер бойынша, сондай-ақ тұластай республика бойынша қылмыстық қудалау органдары бойынша есептерді құрастырады.

Комитет жиынтық есепті және әrbіr қылмыстық қудалау органы бойынша есептерді құқықтық статистиканың мүдделі субъектілеріне, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бөлімшелеріне есептік кезеңнен кейінгі айдың 4-күніне олардың ресми электрондық мекенжайларына электрондық форматта ұсынады.

Егер мерзімнің аяқталуы жұмыс күніне келмесе (демалыс, мереке күндері), онда мерзімнің соңғы күні болып одан кейінгі бірінші жұмыс күні есептеледі.

Белгіленген уақытта қалыптастырылған (статистикалық кесім) бекітілген есепке түзетулер енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – КР Бас Прокурорының 04.05.2018 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер (есепке 1-тарау)

6. Есептің 1-тарауы қылмыстық істері есептік кезеңде өндірісте болған (тергеп-тексеру басталған, істі сотқа жолдаумен аяқталған, сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісі тоқтатылған, бұзылған) құқық бұзушылықтар туралы, сондай-ақ олар туралы істер бойынша есептік кезеңнің сонына алдын ала тергеу немесе анықтау мерзімі өткен, бірақ мерзімін ұзарту туралы ақпарат СДТБТ-не түспеген құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – КР ҚҚ) баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Бағандар бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру кезінде, егер осы құқық бұзушылық есептік кезеңде алғаш рет тергеп-тексерумен аяқталғандар (сотқа жолданған немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – КР ҚПК) 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтарына және 36-бабына сәйкес тоқтатылған), есептен алумен тоқтатылғандар немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі бұзылғандар қатарына жатса, қылмыстық іс бойынша шешімнің есепте бейнеленетіндігі туралы сөзсіз қағиданы ұстану қажет

Егер алдыңғы жылдары тергеп-тексерумен аяқталғандар, есептен алумен тоқтатылғандар немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі бұзылғандар қатарына жатқызылған бұрынғы жылдардағы қылмыстық іс бойынша сottың істі алдын ала тыңдау кезеңінен прокурорға қайтаруы немесе өндірісті қайта қозгау нәтижесінде ағымдағы есептік кезеңде қайтадан баламалы шешім қабылданса, онда есепте бұл шешім ескерілмейді. Егер сипатталған жағдайда алғаш рет басқа шешім қабылданса, онда ол есепте тиісінше бағанда, сондай-ақ өндірісте болғандар қатарында ескеріледі. Ағымдағы жылы тіркелген құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша бұрынғы процестік шешім өзгерген кезде соңғы, осы есептік кезеңде қабылданғаны ескеріліп, ал бұрынғысы есептен алынады. Ашылмауына байланысты ертеректе тергеп-тексеру мерзімі бұзылған істер бойынша өндірісті қайта қозғаған жағдайда, олар ашылмағандар қатарынан алынып тасталады.

1, 2 және 5-бағандарды есептеу кезінде қылмыстық істері есептік кезеңде есептен алынумен тоқтатылған қылмыстық құқық бұзушылықтар ескерілмейді.

1-бағанда қылмыстық істері есептік кезеңде өндірісте болған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

Аталған бағанда сондай-ақ есептік кезеңде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді. Оларға есептік кезеңде тіркелген құқық

бұзушылықтар, сондай-ақ есептік кезеңде алғаш рет қылмыстық істі сотқа жолдау, мерзімін бұзу немесе өндірісін тоқтату (есептен алынумен тоқтатылғандардан басқа) туралы шешім қабылданған немесе жоғарыда сипатталған шешімдердің бірде-біреуі қабылданбаған бұрынғы жылдардағы құқық бұзушылықтар жатады.

1-бағанда қылмыстық құқық бұзушылықтар есептік кезеңінде соңында өндірісінде болған қылмыстық қудалау органының есебі бойынша, ал сотқа жолдау, істі тоқтату туралы процестік шешім қабылданған не болмаса сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі бұзылған немесе іс тоқтатылған және істің одан арғы қозғалысы туралы мәлімет жок істер бойынша – соңғы процестік шешімді қабылдаған орган есебі бойынша ескеріледі. Құқық бұзушылықты тергеулігі бойынша беру кезінде 1-бағаннан шығарылып, ол қабылдаған органның есебінде бейнеленеді.

2-бағанда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді кімнің: анықтау органының, тергеушінің, прокурордың бастағанына қарамастан есептік кезеңде тіркелген құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қылмыстық қудалаудың бір органы бастап, тергеулігі бойынша кейін басқа органға берген жағдайда, 2-бағанда құқық бұзушылық сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған органының есебінде көрсетіледі. Бұл жағдайда 2-баған көрсеткіштерінің 1-баған көрсеткіштерінен артық болуына жол беріледі.

Прокурор тіркеген құқық бұзушылықтар есептің 2-бағанында өндіріске берілген қылмыстық қудалау органы бойынша бейнеленеді.

3-бағанда 2-бағаннан өткен жылдары жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

4-бағанда 2-бағаннан қәмелеттік жасқа толған әйел жынысты адамдарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

5-бағанда 2-бағаннан қәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бөлініп көрсетіледі.

6-бағанда қылмыстық істері тіркеу уақытынан тәуелсіз алғаш рет аяқталған (ҚР ҚПК 305, 528-баптары тәртібінде сотқа жолданған, ҚР ҚПК 518-бабы тәртібінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін жолданған немесе ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтарына және 36-бабына сәйкес тоқтатылған) құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді. Осы бағанда қозғалып, сот айыптау үкімін шығарумен аяқталған жеке айыптау істері бойынша құқық бұзушылықтар қамтылмайды.

7-бағанда қылмыстық істері қылмыстық құқық бұзушылықты тіркеу уақытынан тәуелсіз алғаш рет ҚР ҚПК 305, 528-баптары тәртібінде және ҚР ҚПК

518-бабы тәртібінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жолданған құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

8-бағанда 7-бағаннан тергеушінің өндірісінде болған, аяқталған құқық бұзушылықтар саны бөлініп көрсетіледі.

9-бағанда 7-бағаннан анықтау органдарының өндірісінде болған, аяқталған құқық бұзушылықтар саны бөлініп көрсетіледі.

10-бағанда 7-бағаннан хаттамалық нысанда аяқталған құқық бұзушылықтар саны бөлініп көрсетіледі.

11-бағанда кінәсін мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімді жасасқаннан кейін аяқталған құқық бұзушылықтар саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

12-бағанда қылмыстық істері алғаш рет ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтарына және 36-бабына сәйкес тоқтатылған (есептен алынбай) құқық бұзушылықтар көрсетіледі.

13-бағанда істері ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 1), 2), 5), 6), 7), 8)-тармақтарына сәйкес тоқтатылған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

14-бағанда есепті мерзімде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі бұзылған құқық бұзушылықтардың жалпы саны бейнеленеді.

18-бағанда 14-бағаннан қылмыстық істері бойынша ағымдағы есепті мерзімде ҚР ҚПК 45-бабы 7-бөлімінің 4-тармағы негізінде алғаш рет сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі бұзылған құқық бұзушылықтар саны бөлініп көрсетіледі (айыпталушы психикасының уақытша бұзылуы немесе өзге ауыр науқастану жағдайында).

15, 16, 18, 19, 20, 21-бағандарда 14-бағаннан қылмыстық істері бойынша ағымдағы есепті мерзімде алғаш рет ашылмағандар ретінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі бұзылған құқық бұзушылықтар саны бөлініп көрсетіледі (ҚР ҚПК 45-бабы 7-бөлімінің 1), 2), 5), 6), 7)-тармақтары бойынша).

22-бағанда істері бойынша ҚР ҚПК белгіленген алдын ала тергеу немесе анықтау мерзімі өтіп кеткен, ал оны ұзарту туралы ақпарат СДТБТ-не енгізілмеген құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

23-бағанда қылмыстық істері есептен алынумен тергеулігі бойынша берілген құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

24-бағанда есепті мерзімде қоғамдық орындарда жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

25-бағанда 24-бағаннан есепті мерзімде көшелерде, алаңдарда, саябақтарда, гүлзарларда жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

26-бағанда отбасылық-тұрмыстық салада жасалған құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

4-тарау. Ертеректе құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар, адамдар тобы, алкогольдік мас күйінде жасаған, аяқталған істер бойынша тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы және оларды жасаған адамдар туралы мәліметтер (есепке 2-тарау)

7. Есептің 2-тарауы ертеректе құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар, адамдар тобы, алкогольдік, есірткілік маскүйінде жасаған, аяқталған істер бойынша тіркелген құқық бұзушылықтар және оларды жасаған адамдар туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда қылмыстық істері есептік кезеңде алғаш рет аяқталған (сотқа жолданған немесе тоқтатылған) құқық бұзушылықтар ескеріледі.

1-бағаннан 2-бағанда ағымдағы жылы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны бөлінеді.

3-бағанда кәмелетке толмағандар немесе олардың қатысуымен жасалған құқық бұзушылықтар көрсетіледі.

4-бағаннан 3-бағанда ағымдағы жылы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны бөлінеді.

5-бағанда ертеректе құқық бұзушылыққа барған адамдар жасаған құқық бұзушылықтар бейнеленеді.

5-бағаннан 6-бағанда ағымдағы жылы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны бөлінеді.

5-бағаннан 7-бағанда құқық бұзушылықтар, соның ішінде алынбаған және өтелмеген соттылығы барлары көрсетіледі.

8-бағанда алкогольдік мас күйінде жасалған құқық бұзушылықтар бейнеленеді.

8-бағаннан 9-бағанда ағымдағы жылы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны бөлінеді.

10-бағанда есірткілік мас күйінде жасалған құқық бұзушылықтар бейнеленеді

10-бағаннан 11-бағанда ағымдағы жылы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны бөлінеді.

12-бағанда - адамдар тобымен жасалған құқық бұзушылықтар бейнеленеді.

12-бағаннан 13-бағанда ағымдағы жылы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны бөлінеді.

12-бағаннан 14-бағанда - адамдар тобымен кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

15-бағанда - қылмыстық топпен жасалғандары (12-бағаннан); 16-бағанда - қылмыстық қоғамдастықпен жасалғандары (12-бағаннан), 17-бағанда - қылмыстық ұйыммен жасалғандары (12-бағаннан) бейнеленеді.

5-тaraу. Жәбірленушілер туралы мәліметтер (құқық бұзушылықтар бойынша) (КР ҚПК 71-бабы) (есепке 3-тaraу)

8. Есептің 3-тaraуы есепке алу қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жүргізілетін жәбірленушілер туралы мәліметтерден тұрады (КР ҚПК 71-бабы).

Жолдарда ҚР ҚҚ баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда жәбірленушілердің сарапау белгілері бойынша жасалған құқық бұзушылықтардың жалпы саны 2-ден 24-ке дейінгі бағандар бойынша әйелдерге (2-баған), кәмелетке толмағандарға (3-баған), оқушыларға (4-баған) қатысты бөлініп бейнеленеді. 4-бағаннан 5-7-бағандарда мектептердің (гимназиялардың, лицейлердің), колледждердің, жоғары оқу орындарының оқушылары ерекшеленеді.

8-ден 10-ға дейінгі бағандарда оларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасалған мүгедектердің, зейнеткерлердің және сотталғандардың саны туралы мәліметтер бейнеленеді.

11-ден 14-ке дейінгі бағандарда жәбірленушілердің азаматтығы көрсетіледі.

Адамдардың жас құрамы 15-тен 24-ке дейінгі бағандарда жас санаты бойынша бейнеленеді.

25-бағанда занды тұлғаларға қатысты мәліметтер бейнеленеді.

26-бағанда жәбірленушінің қаза болуына әкелген мәліметтер бейнеленеді.

6-тaraу. Аяқталған қылмыстық істер бойынша белгіленген материалдық залал сомасы және оның өтелуі туралы мәліметтер (есепке 4-тaraу)

9. Есептің 4-тaraуы қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде келтірілген белгіленген материалдық залал сомасы туралы және оны өтеу туралы (аяқталған, соның ішінде сотқа жолданған қылмыстық істер бойынша) мәліметтерден тұрады.

Жолдарда ҚР ҚҚ баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда қылмыстық істері есептік кезеңде тергеп-тексерілген құқық бұзушылықтардан келген залалдың белгіленген сомасының көлемі көрсетіледі. Олардың ішінен 2, 3, 4-бағандарда мемлекетке, занды және жеке тұлғаларға келген залалдың белгіленген көлемі бөлініп көрсетіледі.

5-бағанда сотқа жолданған істер бойынша белгіленген залал сомасы көрсетіледі. Олардың ішінен 6, 7, 8-бағандарда мемлекетке, занды және жеке тұлғаларға келген залалдың белгіленген көлемі бөлініп көрсетіледі.

9-12-бағандарда 5-8-бағандарға баламалы, тек ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтарына және 36-бабына сәйкес тоқтатылған істер бойынша мәліметтер көрсетіледі.

13-бағанда сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында өтелген залал сомасының көлемі көрсетіледі. Олардың ішінен 14, 15, 16-бағандарда мемлекетке, занды және жеке тұлғаларға келген залалдың белгіленген көлемі бөлініп көрсетіледі.

17-бағанда сотқа жолданған істер бойынша өтелген көлем көрсетіледі. Олардың ішінен 18, 19, 20-бағандарда мемлекетке, занды және жеке тұлғаларға өтелген залал көлемі бөлініп көрсетіледі.

21-24-бағандарда 17-20-бағандарға баламалы, тек ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтары және 36-бабы бойынша тоқтатылған істер бойынша мәліметтер көрсетіледі.

25-бағанда тыйым салынған және алынған мүлік сомасының көлемі көрсетіледі. Олардың ішінен 26, 27, 28-бағандарда мемлекетке, занды және жеке тұлғаларға тыйым салынған және өтеліп алынған мүлік көлемі бөлініп көрсетіледі.

29-32-бағандарда 25-28-бағандарға баламалы, тек сотқа жолданған істер бойынша мәліметтер көрсетіледі.

33-36-бағандарда 25-28-бағандарға баламалы, тек ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтары және 36-бабы бойынша тоқтатылған істер бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Ақша қаражатының көлемі мың теңгемен көрсетіледі.

7-тарау. Қылмыстық жазасын, соның ішінде мекеме аумағынан тыс өтеп жүрген адамдар жасаған барлық тіркелген құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер (есепке 5-тарау)

10. Есептің 5-тарауы қылмыстық жазасын өтеп жүрген, күдіктілерді, тергеудегілерді-тұтқындалғандарды алдын ала оқшаулау мекемелеріндегі адамдар жасаған құқық бұзушылықтар саны туралы мәліметтерден тұрады. Осы тарауда қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің аумағында ғана емес, сондай-ақ өнірде жасалған барлық құқық бұзушылықтар бейнеленеді. Қылмыстық жазасын өтемейтін және күдікті, тергеудегі-тұтқындалған болып табылмайтын адамдар жасаған құқық бұзушылықтар бұл тарауда бейнеленбейді.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Бағандарда деректер 1-тараудың осындай атаудағы бағандарға баламалы бейнеленеді.

3-12-бағандарда сәйкесінше: минималды қауіпсіздік мекемелерінде, орташа қауіпсіздік мекемелерінде, максималды қауіпсіздік мекемелерінде, төтенше қауіпсіздік мекемелерінде, толық қауіпсіздік мекемелерінде, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіздік мекемелерінде, аралас қауіпсіздік мекемелерінде, пробация қызметінде, уақытша ұсташа изоляторында және басқаларда жасалған құқық бұзушылықтар көрсетіледі.

8-тaraу. Құқық бұзушылықтар жасаған адамдар туралы мәліметтер (есепке 6-тaraу)

11. Есептің 6-тaraуы құқық бұзушылық жасаған, соның ішінде қылмыстық жауаптылықта тартылған, қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдар, әйел жынысты адамдар туралы, сондай-ақ құқық бұзушылық жасаған адамдардың азаматтығы, жас құрамы туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда анықталған адамдардың жалпы саны бейнеленеді.

2-бағанда 1-бағаннан қылмыстық істері сотқа жолданған адамдар саны көрсетіледі.

3-бағанда 1-бағаннан қылмыстық істері ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтарына және 36-бабына сәйкес тоқтатылған адамдар саны бөлініп көрсетіледі.

4-бағанда 1-бағаннан ҚР ҚПК 518-бабы тәртібінде қылмыстық істері бойынша шешім қабылданған адамдар саны бөлініп көрсетіледі.

5-бағанда Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, құқық бұзушылық жасаған адамдар саны көрсетіледі.

6-бағанда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің азаматтары болып табылатын, құқық бұзушылық жасаған адамдар саны көрсетіледі.

7-бағанда алыс шетелдің азаматтары болып табылатын, құқық бұзушылық жасаған адамдар саны көрсетіледі.

8-бағанда құқық бұзушылық жасаған әйелдер саны көрсетіледі.

9-баған құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар саны туралы мәліметтерден тұрады.

10, 11 және 12-бағандарда жас санаттары бойынша кәмелетке толмағандар туралы мәліметтер бейнеленеді: сәйкесінше 12-13 жас, 14-15 жас және 16-17 жас.

13-тен 18-ге дейінгі бағандарда құқық бұзушылық жасаған адамдардың жас құрамы көрсетіледі.

9-тарау. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдар жұмысының түрі туралы мәліметтер (есепке 7-тарау)

12. Есептің 7-тарауы адамның құқық бұзушылық жасау сәтіндегі жұмысының түрі туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-баған құқық бұзушылық жасаған сәтіне жұмысшы болып табылатын адамдар туралы мәліметтерден тұрады.

2-баған құқық бұзушылық жасаған сәтіне мемлекеттік функцияларды орындайтын адамдар туралы мәліметтерден тұрады.

3-бағанда құқық бұзушылық жасаған жеке кәсіпкерлер саны көрсетіледі.

4-баған құқық бұзушылық жасаған сәтінде оқитын адамдар саны туралы мәліметтерден тұрады. Соның ішінде 4-бағаннан: 5-бағанда мектептердің, гимназиялардың, лицейлердің оқушылары туралы мәліметтер бейнеленеді; 6-бағанда кәсіби техникалық училищелердің және колледждердің оқушылары көрсетіледі; 7-бағанда жоғары оку орындарының оқушылары көрсетіледі.

8-баған құқық бұзушылық жасау сәтіне жұмыссыз болып табылатын адамдар туралы мәліметтен тұрады.

9 және 10-бағандар құқық бұзушылық жасаған адамдардың білім деңгейін көрсетеді.

11-15-бағандар құқық бұзушылық жасау сәтіне әскери қызметшілер болып табылатын адамдар туралы мәліметтерді ескереді.

16-баған құқық бұзушылық жасаған өзге адамдар туралы мәліметтерден тұрады.

10-тарау. Құқық бұзушылық жасаған құқық қорғау органдарының қызметкерлері, судьялар және билік пен басқару органдарының өзге қызметкерлері туралы мәліметтер (есепке 8-тарау)

13. Есептің 8-тарауы құқық бұзушылық жасаған құқық қорғау органдарының қызметкерлері, судьялар, әскери қызметшілер және билік пен басқару органдарының өзге қызметкерлері туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-баған құқық бұзушылық жасаған ішкі істер органдарының қызметкерлері туралы мәліметтерден тұрады.

2-баған құқық бұзушылық жасаған қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қызметкерлері туралы мәліметтерден тұрады.

3-баған құқық бұзушылық жасаған төтенше жағдайлар органдарының қызметкерлері туралы мәліметтерден тұрады

4-баған құқық бұзушылық жасаған Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарының қызметкерлері туралы мәліметтерден тұрады.

5-баған құқық бұзушылық жасаған прокуратура органдарының қызметкерлері туралы мәліметтерден тұрады.

6-баған құқық бұзушылық жасаған экономикалық тергеп-тексеру органдарының қызметкерлері туралы мәліметтерден тұрады.

7-баған құқық бұзушылық жасаған сыйайлар жемқорлыққа қарсы қызметкерлері туралы мәліметтерден тұрады.

8-баған құқық бұзушылық жасаған судьялар туралы мәліметтерден тұрады.

9-баған құқық бұзушылық жасаған депутаттар туралы мәліметтерден тұрады.

10-баған құқық бұзушылық жасаған әкімдер туралы мәліметтерден тұрады.

11-бағанда сот орындаушылары жасаған құқық бұзушылықтар ескеріледі.

12-бағанда әскери қызметшілер туралы мәліметтер бейнеленеді. Олардың ішінен 13-16-бағандарда ҚР Ішкі істер министрлігі Ұлттық гвардиясының, ҚР Ішкі істер министрлігі Әскери-тергеу басқармасының, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қызметкерлері көрсетіледі.

11-тaraу. Құқық бұзушылықтарды топта және мас күйінде, сондай-ақ ертеректе құқық бұзушылықтар жасаған адамдар туралы мәліметтер (есепке 9-тaraу)

14. Есептің 9-тaraуы құқық бұзушылықты топта, сондай-ақ алкогольдік және өзге мас күйінде және ертеректе құқық бұзушылық жасаған адамдар туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда топта құқық бұзушылық жасаған адамдар саны бейнеленеді. Олардың ішінен 2-бағанда топта құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар саны ерекшеленеді; 3-бағанда кәмелетке толмағандардың қатысуымен топта құқық бұзушылықтар жасаған адамдар бейнеленеді.

4-баған ұйымдастын топ немесе қылмыстық қоғамдастық құрамында құқық бұзушылықтар жасаған адамдар туралы мәліметтерден тұрады.

5-бағанда алкогольдік мас күйінде құқық бұзушылық жасаған адамдар саны бейнеленеді, олардың ішінен 6-бағанда алкогольдік мас күйінде құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар саны бөлініп көрсетіледі; 7-бағанда есірткілік немесе есенгіретін заттар қолданудан туындаған мас күйінде құқық бұзушылықтар жасаған адамдар саны бейнеленеді, соның ішінде 8-бағанда

есірткілік немесе есендіретін заттар қолданудан туындаған мас күйінде құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмағандар саны ескеріледі.

9-бағанда ертеректе құқық бұзушылық жасаған барлық адамдар туралы мәліметтер бейнеленеді.

10-бағанда соның ішінде бұрын құқық бұзушылық жасаған, алынбаған және өтелмеген соттылығы бар адамдар туралы мәліметтер көрсетіледі.

11-бағанда ертеректе кәмелетке толмаған жасында құқық бұзушылық жасаған адамдар саны бөлініп көрсетіледі.

12-баған "Әрекеттерінде қайталама немесе қауіпті қайталама қылмыс танылған адамдар" мәліметтерінен тұрады.

13-бағанда ертеректе топта құқық бұзушылықтар жасаған адамдар көрсетіледі.

14-бағанда ертеректе түзету мекемелерінде ұсталған адамдар бейнеленеді, олардың ішінен: 15-бағанда қылмыстық жазадан босатылғаннан кейін 1 жыл өткеннен кейін құқық бұзушылық жасаған адамдар; 16-бағанда шартты-мерзімінен бұрын босатудан кейін өтелмеген бөлігі мерзімінде құқық бұзушылық жасаған адамдар көрсетіледі.

17-бағанда (10-бағаннан) ертеректе құқық бұзушылық жасаған және бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалау шарасына сотталған адамдар көрсетіледі.

18-бағанда (10-бағаннан) ертеректе құқық бұзушылық жасаған және әкімшілік қадағалаудағы адамдар көрсетіледі.

19-бағанда (10-бағаннан) ертеректе құқық бұзушылық жасаған және ресми түрде әкімшілік қадағалауга түсетін адамдар көрсетіледі

12-тaraу. Құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар туралы мәліметтер (есепке 10-тaraу)

15. Есептің 10-тaraуы құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-баған қылмыстық жауаптылықта тартылған кәмелетке толмағандар санын бейнелейді.

2-бағанда құқық бұзушылық жасаған әйел жынысты адамдар саны көрсетіледі.

3-баған құқық бұзушылық жасаған, әр түрлі оқу мекемелерінде оқитын кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерден тұрады.

4-бағанда құқық бұзушылық жасаған, оқымайтын және жұмыс істемейтін кәмелетке толмағандар саны бейнеленеді.

5-бағанда топта құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар саны бөлініп көрсетіледі.

6-бағанда ересектердің қатысуымен топта құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар саны бөлініп көрсетіледі.

7-баған кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімшелерде есепте тұратын кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерден тұрады.

8-баған ертеректе құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерден тұрады.

9-баған ертеректе құқық бұзушылық жасаған және шартты түрде сотталған кәмелетке толмағандар туралы мәліметтерден тұрады.

13-тарау. Қаруды және техникалық құралдарды қолданумен жасалған тіркелген құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер (есепке 1-қосымша)

16. Осы қосымша қару және техникалық құралдар қолданып жасалған, есептік кезеңде тіркелген құқық бұзушылықтар санынан мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда қару, жарылғыш заттар, техникалық құралдар және компьютерлік техниканы қолданып жасалған, есептік кезеңде тіркелген құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

2-бағанда есептік кезеңде қару қолданумен жасалған, тіркелген құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

3-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер қатарынан оқ ататын қаруды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

4-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер қатарынан ойық ұнғылы атыс қаруын қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

5-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар қатарынан ұнғылы атыс қаруын қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

6-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар қатарынан ұнғысыз атыс қаруын қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

7-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар қатарынан жарақаттау әрекетіндегі патронмен ату мүмкіндігі бар газды атыс қаруын қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

8-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар қатарынан майдагерлік атыс қаруын қолданумен жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

9-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар қатарынан газды қаруды қолданумен жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

10-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар қатарынан пневматикалық қаруды қолданумен жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

11-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар қатарынан лақтырынды қаруды қолданумен жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

12-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар қатарынан электрлі қаруды қолданумен жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

13-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар қатарынан суық қаруды қолданумен жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

14-16-бағандарда есептік кезеңде аяқталғандар қатарынан қару қолданумен жасалған құқық бұзушылықтар түрлері бойынша бөлініп көрсетіледі: азаматтық, әскери, жауынгерлік қол атқыш.

18-бағанда есептік кезеңде аяқталғандар қатарынан тіркелмеген қаруды қолданумен жасалған құқық бұзушылықтар көрсетіледі.

19-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер қатарынан шетелдік азаматтардың қаруды қолданып жасаған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

20-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер қатарынан азаматтығы жоқ адамдардың қаруды қолданып жасаған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

21-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер қатарынан отбасылық-түрмистық салада қаруды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны ерекшеленеді.

22-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер қатарынан қоғамдық орындарда қаруды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі, соның ішінде 23-бағанда көшелерде, аландарда, саябақтарда, гүлзарларда қару қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

24-бағанда техникалық күралдарды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

25-бағанда қоғамдық орындарда техникалық күралдарды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі, соның ішінде 26-бағанда көшелерде, аландарда, саябақтарда, гүлзарларда техникалық қүралдарды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

27-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер қатарынан жарылғыш заттарды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны ерекшеленеді.

28-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер қатарынан қоғамдық орындарда жарылғыш заттарды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі, соның ішінде 29-бағанда көшелерде, аландарда, саябақтарда, гүлзарларда жарылғыш заттарды қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

30-бағанда есептік кезеңде тіркелгендер қатарынан компьютерлік техникины қолданып жасалған құқық бұзушылықтар саны ерекшеленеді.

14-тарау. Құқық бұзушылықты ашуға жәрдемдесетін күштер және құралдар туралы мәліметтер (есепке 2-қосымша)

17. Осы қосымша құқық қорғау органдары қызметтерінің құқық бұзушылықты ашуға қатысуы, құқық бұзушылықты ашуға жәрдемдесетін құралдардың пайдаланылуы (есептік кезеңде тергеп-тексерілген қылмыстық істер қатарынан) туралы мәліметтерден тұрады және қылмыстық қудалау органының ішкі ведомстволық көрсеткіші болып табылады.

Бағандарда ҚР ҚҚ баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-88-жолдарда қылмыскерді анықтауда тергеп-тексерумен аяқталған қылмыстық істер бойынша қатысулардың және қосымшаның "А" бағанында көрсетілген күштер және құралдар пайдаланылған қылмыс жағдайларының саны көрсетіледі (тиісті қызметтердің қызметкерлері бойынша бөлүмен).

Қосымша бағандарында көрсетіледі: "А" бағанында – құқық бұзушылықтардың жеке тұрларін ашуға жәрдемдескен негізгі күштер және құралдар; 1-бағанда – негізгі күштер мен құралдардың қатысуының жалпы саны; 2-бағанда – кісі өлтіруді ашуға қатысу (ҚР ҚҚ 99-бабы); 3-бағанда – денсаулыққа қасақана зиян келтіруді ашуға қатысу (ҚР ҚҚ 106, 107-баптары); 4-бағанда (3-бағаннан) соның ішінде ауыр (ҚР ҚҚ 106-бабы); 5-бағанда – зорлауды ашуға қатысу (ҚР ҚҚ 120-бабы); 6-бағанда – қарақшылықты ашуға қатысу (ҚР ҚҚ 192-бабы); 7-бағанда – тонауды ашуға қатысу (ҚР ҚҚ 188-бабы); 8-бағанда – үрлауды ашуға қатысу (ҚР ҚҚ 188-бабы); 9-бағанда – автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алушы ашуға қатысу (ҚР ҚҚ 200-бабы); 10-бағанда – есірткі құралдарының заңсыз айналымымен байланысты құқық бұзушылықтарды ашуға қатысу (ҚР ҚҚ 296-303-баптары); 11-бағанда – парапорлықты ашуға қатысу (ҚР ҚҚ 366-368-баптары); 12-бағанда – Сеніп тапсырылған бөтен мулікті иемденіп алу немесе талан-таражға салуға байланысты құқық бұзушылықтарды ашуға қатысу (ҚР ҚҚ 189-бабы); 13-бағанда – алаяқтықты ашуға қатысу (ҚР ҚҚ 190-бабы); 14-29-бағандарда ҚР ҚҚ сәйкес экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтардың жекелеген тұрларі бейнеленеді; 30-бағанда – ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе ақпараттық-коммуникативтік желіге заңсыз қолжетімділік бойынша құқық бұзушылықтарды ашуға қатысу (ҚР ҚҚ 205-бабы).

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының 26.09.2017 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен

15-тарау. Бұрынғы жылдары ашылмағандар қатарынан ашылған құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер (есепке 3-қосымша)

18. Осы қосымша бұрынғы жылдары ашылмағандар қатарынан ашылған құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына және бөлімдеріне сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда бұрынғы жылдары ашылмағандар қатарынан істері есептік кезеңде аяқталған құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

2-бағанда 1-бағаннан бұрынғы жылдары ашылмағандар қатарынан істері есептік кезеңде сотқа жолданған құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

3-бағанда 1-бағаннан бұрынғы жылдары ашылмағандар қатарынан істері ҚР ҚПК 36-бабы және 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтары және 36-бабы бойынша тоқтатылған құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

16-тарау. Жасалған суицидтер туралы мәліметтер (есепке 4-қосымша)

19. Есептің бұл қосымшасы СДТБТ-нде қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарламалар тіркелген, суицид және (немесе) оған талпыныс жасаған адамдардың саны туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда суицид және (немесе) оған талпыныс жасаған адамдардың саны туралы мәліметтер азаматтық, жыныстық, жастық белгілері бойынша, соның ішінде кәмелетке толмағандарды ерекшелегумен, отбасының және әскери қызметшінің құрамы және материалдық-әлеуметтік қамтамасыз етілуі бойынша ажыратылып көрсетіледі.

Бағандардың көрсеткіштері СДТБТ-1 және СДТБТ-2 нысандарының деректемелеріне сәйкес келуі тиіс.

1-6-бағандар суицид және (немесе) оған талпынысты сау күйінде, алкогольдік, есірткілік, токсикомандық мас күйінде, психиканың өзге ауру күйінде жасаған адамдар туралы мәліметтерден тұрады.

1-баған 2, 3, 4, 5 және 6-бағандардың сомасына тең болуы тиіс.

7-24-бағандарда суицидтік мінез-құлыққа әкелген факторлар тізбеленуі тиіс.

7-баған 8-24-бағандардың сомасына тең болуы тиіс.

25-40-бағандарда суицид және (немесе) оған талпыныс жасау тәсілдері көрсетіледі. 25-баған 26-34, 40-бағандардың сомасына тең болуы тиіс. Бұл ретте, 34-баған 35-39-бағандардың сомасына тең болуы тиіс.

41-49-бағандар суицид және (немесе) оған талпыныс жасау орны туралы мәліметтерді бейнелейді. 41-баған 42-49-бағандардың сомасына тең болуы тиіс.

17-тарау. Тіркелген қылмыстық теріс қылықтар туралы мәліметтер (есепке 5-қосымша)

20. Есептің осы қосымшасы тіркелген қылмыстық теріс қылықтар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚҚ баптары мен тарауларына сәйкес тіркелген қылмыстық теріс қылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Қосымшаның көрсеткіштері 1-бөлімге ұқсас қалыптастырылады.

18-тарау. Тіркелген қылмыстар туралы мәліметтер (есепке 6-қосымша)

21. Есептің осы қосымшасы тіркелген қылмыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚҚ баптары мен тарауларына сәйкес тіркелген қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Қосымшаның көрсеткіштері 1-бөлімге ұқсас қалыптастырылады.

19-тарау. Тіркелген аса ауыр қылмыстар туралы мәліметтер (есепке 7-қосымша)

22. Есептің осы қосымшасы тіркелген аса ауыр қылмыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚҚ баптары мен тарауларына сәйкес тіркелген аса ауыр қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Қосымшаның көрсеткіштері 1-бөлімге ұқсас қалыптастырылады.

20-тарау. Тіркелген ауыр қылмыстар туралы мәліметтер (есепке 8-қосымша)

23. Есептің осы қосымшасы тіркелген ауыр қылмыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚҚ баптары мен тарауларына сәйкес тіркелген ауыр қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Қосымшаның көрсеткіштері 1-бөлімге ұқсас қалыптастырылады.

21-тарау. Тіркелген онша ауыр емес қылмыстар туралы мәліметтер (есепке 9-қосымша)

24. Есептің осы қосымшасы тіркелген онша ауыр емес қылмыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚҚ баптары мен тарауларына сәйкес тіркелген онша ауыр емес қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Қосымшаның көрсеткіштері 1-бөлімге ұқсас қалыптастырылады.

22-тaraу. Тіркелген ауырлығы орташа қылмыстар туралы мәліметтер (есепке 10-қосымша)

25. Есептің осы қосымшасы тіркелген ауырлығы орташа қылмыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚҚ баптары мен тарауларына сәйкес тіркелген ауырлығы орташа қылмыстар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Қосымшаның көрсеткіштері 1-бөлімге ұқсас қалыптастырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШДЖҚ РМК